

Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексінің есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 маусымда № 13844 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 20) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексінің есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Баға статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Баға статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Ж.Ә. Жарқынбаев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің
төрағасы

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2016 жылғы 31 мамырдағы
№ 99 бұйрығымен бекітілді

Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексі есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексі есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылған және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңымен бекітілген статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістеме қолданыстағы жалпы статистикалық байқаулар шегінде қалыптастырылған ресми статистикалық деректерді пайдалану негізінде тұтыну бағалар индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексі есептеу әдісін айқындайды.

3. Әдістеме Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы қызметкерлерінің статистикалық қызметте қолдануына арналған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі – ТБИ) елде инфляция деңгейін сипаттайтын жалпыға бірдей танылған статистикалық көрсеткіш болып табылады.

Қазақстанның статистикалық тәжірибесінде оның ақпараттық ағыны негізінде келесі туынды көрсеткіштердің:

әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының баға индексі;

орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыстары әртүрлі деңгейдегі халық топтары үшін баға индексі;

базалық инфляция есебі жүзеге асырылады.

Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарларға баға индексі (бұдан әрі – ТБИ-имп) ТБИ мәндерінде есепке алынған импорттық өндіріс тауарларына баға өзгерісінің шамасын сипаттайтын импорттық тауарларға және елдің ішкі нарығына түскен отандық өндірушілер тауарларына баға серпінінің әсерінен қалыптасқан туынды көрсеткіш болып табылады.

ТБИ-имп есебі берілген уақыт кезеңі ішінде құраушы элементтердің белгілі және өзгерілмейтін сандық қатынастарымен тұтыну шығыстарының баптарына сәйкес көрнекті іріктелген дәл сол тауарлар жиынтығына негізделеді.

ТБИ-имп көрсеткіші инфляцияның беталысын, оны анықтайтын факторларды, ағымдағы және орта мерзімді болжамды экономикалық талдауда қолданылады.

2-тарау. Бастапқы деректер және есептеу үшін айқындамалар тізімі

5. ТБИ-имп есептеу үшін бастапқы деректер келесі статистикалық ақпараттар ағыны болып табылады:

1) елдің ішкі нарық ресурстарында отандық өндіріс тауарларының және импорт бойынша түскен тауарлардың үлестерін айқындау үшін ресурстардың балансы және шикізаттың, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімнің және тұтыну тауарларының аса маңызды түрлерін пайдалану туралы статистикалық ақпарат (бұдан әрі – Ресурстар теңгерімі) пайдаланылады;

2) ТБИ-имп үшін отандық және импорттық өндіріс тауарының "шартты" салмағын анықтау үшін есепке енетін айқындамалар тізімі бойынша ТБИ-дің салмақтық компоненттері пайдаланылады;

3) баға өзгерісін бағалау үшін:

тауарлардың санаттары және топтары бойынша тұтыну бағасының индексі;

тұтыну мақсатындағы тауарлар өндірісін көрсететін өндеу өнеркәсібінің қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі (бұдан әрі – ӨБИ);

алдын ала қайта өңдеусіз (жаңа піскен көкөністер, картоп, жидектер мен жемістер, шикі сүт, жұмыртқа) тұтыну нарығына түсетін өнімдер бойынша ауыл шаруашылығы өніміне өткізу бағасының индексі (бұдан әрі – АШБИ);

түпкілікті мақсат бойынша "тұтыну тауарлары" тобына енетін тауарлар түрлері бойынша өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі (бұдан әрі – ИМТБИ);

ИМТБИ жоқ болған жағдайда ТМД елдері және ТМД тыс елдер өндірісі тауарларына көтерме саудада сату бағасының индексі (бұдан әрі – КСБИ) қолданылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жоғарыда тізбектелген ақпараттық ағындар негізінде ТБИ-имп есептеу үшін айқындамалар анықталады.

Ресурстар теңгерімінің деректері бойынша және тауарлардың импорттық тәуелділігін ескере отырып тізімге айқындамалар қосылды, олар бойынша:

1) елдің ішкі нарығы ресурстары көлемінің 80 пайыздан астамы импорт есебінен құрылады;

2) ішкі нарық ресурстары отандық өндіріс және импортпен көрсетілген және олардың ел ішіндегі тұтыну көлемі экспорттан асады деген шарт орындалады;

3) импорттың үлес салмағы 20 пайыздан кем.

ТБИ-имп есептеу үшін позициялар тізбесі ТБИ құрайтын азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың жекелеген түрлерін қамтиды.

ТБИ-ға кіретін көрсетілетін қызметтер ТБИ-имп есебіне кірмейді, олар ел ішінде өндіріледі деп есептелінеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жоғарыда көрсетілген ТБИ-имп есептеу үшін қолданылатын статистикалық көрсеткіштер әртүрлі дезагрегация жүйесі мен оларға сәйкес келетін стандартты жіктеуіштер негізінде құрылады.

Ресурстар теңгерімі үшін ӨБИ, АШБИ және ИМТБИ салалық жіктеуіштері мыналар болып табылады:

1) ӨӨСЖ – өнеркәсіп өнімдерінің статистикалық жіктеуіші (тауарлар, қызмет көрсету);

2) АШӨСЖ – ауыл, орман және балық шаруашылығы (қызмет көрсету) өнімдерінің статистикалық жіктеуіші;

3) СЭҚТН ЕЭО – Еуразиялық экологиялық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы.

Тұтыну бағасының индексі үй шаруашылықтары жүзеге асыратын түпкілікті тұтыну шығыстарын жіктеуге арналған Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауарлық айқындамалар номенклатурасы (МКТЖТАН) бойынша жіктеледі.

ТБИ-имп есебінде пайдалану кезінде деректер үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін МКТЖТАН сәйкес келетін иерархиялық құрылымға сәйкес ақпараттық ағындардың сәйкестігі кестесі (бұдан әрі – Сәйкестік кестесі) құрылады.

Сәйкестік кестесінде ТБИ-имп әрбір айқындамасына МКТЖТАН сәйкес ӨӨСЖ (АШӨСЖ) және СЭҚТН ЕЭО (КСБИ) бойынша жіктелетін тиісті айқындама таңдалады.

ТБИ-имп бір айқындамасына ӨӨСЖ (АШӨСЖ) СЭҚТН ЕЭО (КСБИ) бір немесе бірнеше айқындамалары сәйкес келеді.

Сәйкестік кестесіне олардың барлығы кіреді және оларды есептеуде пайдалану үшін алдын ала агрегациялау алгоритмі анықталады.

3-тарау. Тұтыну бағалары индексінің құрамындағы импортталатын тауарларға баға индексі есептеу тәртібі

8. Тұтыну нарығындағы тауарларға бағаның өзгеруі, отандық өндірушілердегі ұқсас тауарға баға өзгеруіне және импорттық жеткізілімдер тауарының баға өзгерісіне байланысты. Бұл өзара байланыс, ТБИ-имп есебінің негізі болып табылатын келесі теңдеумен беріледі.

$$w_0 \times i_t = i_{ppi} \times d_{ppi} + i_{imp} \times d_{imp} \text{ арқылы } w_0 = d_{ppi} + d_{imp}$$

мұндағы:

$$w_0 \times i_t$$

– t кезеңінде тұтыну нарығындағы тауарларға ТБИ құрылымындағы оның салмағын есептегенде, бағаның өзгеруі;

$$i_{ppi} \times d_{ppi}$$

– елдің ішкі нарық ресурстарындағы үлесін (ppi) қоса алғандағы отандық тауарлар бағаларының өзгеруі;

$$i_{imp} \times d_{imp}$$

– елдің ішкі нарық ресурстарының үлесін (ppi) қоса алғандағы импорттық тауарлар бағаларының өзгеруі.

9. ТБИ-имп қалыптастыру екі кезеңде жүзеге асырылады:

Алдын-ала ТБИ-имп-ға енгізілген әр топ тауарлары бойынша, отандық кәсіпорындармен өндірілген және импорт бойынша түскен тауарлардың үлесін және ТБИ-имп есептеуінде пайдалану үшін олардың "шартты" салмағы анықталады.

Үлестер ТБИ-имп есептеулеріндегі базистік деп қабылданған жылдың қаңтар-желтоқсанына ресурстар теңгерімі деректері бойынша, мына формула бойынша есептеледі:

$$d_{imp} = \sum imp / \sum res, \quad d_{ppi} = \sum ppi / \sum res,$$

мұндағы:

$$d_{imp}, d_{ppi}$$

– елдің ішкі нарығы ресурстарындағы импорттық (imp) және отандық (ppi) тауар үлесі;

$$\sum res$$

– елдің ішкі нарығындағы ресурстар құны;

$$\sum imp$$

– елге әкелінген өнім құны;

$$\sum ppi$$

– отандық өндірушілер өнімінің құны.

Есептелген үлестер негізінде және ТБИ бойынша айқандамалар салмағына сәйкес отандық және импорттық өндіріс тауарларының "шартты" салмағы мына формула бойынша айқындалады.

$$w_{ppi} = w_0 \times d_{ppi},$$

$$w_{imp} = w_0 \times d_{imp},$$

мұндағы:

$$w_{imp}, w_{ppi}$$

– ТБИ құрылымындағы импорттық (imp) және отандық тауардың (ppi) шартты салмағы ;

$$w_0$$

– ТБИ құрылымындағы тауар салмағы;

$$d_{ppi}$$

– елдің ішкі нарығы ресурстарындағы (ppi) отандық тауар үлесі;

$$d_{imp}$$

– елдің ішкі нарығы ресурстарындағы (imp) импорттық тауар үлесі.

ТБИ-имп есептерінде отандық және импорттық өндіріс тауарларының "шартты" салмағы және импорттың үлесі есепті жыл бойы өзгеріссіз қалады.

10. ТБИ-имп есебі тікелей келесідей тәртіпте ай сайынғы негізде жүргізіледі:

1) Сәйкестік кестесіне сәйкес ТБИ (АШБИ), ИМПБИ (КӨТБИ) ақпараттық массивтерінен нақты қалыптасқан салыстырмалы бағалық анықталады (i_{cpi} , i_{imp} , i_{ppi}).

ТБИ-имп жеке айқындамалары үшін шығыс салыстырмалы бағалығы сәйкестік кестесінде берілген алгоритмге сәйкес айқындалады.

Салыстырмалы бағалық және "шартты" салмақты ескере отырып құрылымдық салыстырмалы бағалық анықталады (ҚСБ):

$$ҚСБ_{cpi} = w_0 \times i_{cpi},$$

$$ҚСБ_{imp} = w_{imp} \times i_{imp},$$

$$ҚСБ_{ppi} = w_{ppi} \times i_{ppi},$$

мұндағы:

ҚСБ

(cpi , imp , ppi)

– тиісінше, сәйкес құрылымдық салыстырмалы бағалық;

w_0 , w_{imp} , w_{ppi}

– тиісінше, ТБИ тауар салмағы және ТБИ құрылымындағы импорттық салмағы және отандық тауардың "шартты" ТБИ тауар салмағы;

i_{cpi} , i_{imp} , i_{ppi}

– тиісінше, нақты қалыптасқан салыстырмалы бағалық.

2) отандық және импорттық өндіріс тауарлары бойынша құрылымдық салыстырмалы бағалығының сомасы анықталады және ол кейіннен қалыпқа келтіру үшін ТБИ бойынша құрылымдық салыстырмалы бағалық мәнімен салыстырылады.

Ескертпе: олардың теңсіздігінде отандық және импорттық өндірушілердің тауарлары бойынша құрылымдық салыстырмалы бағалықты қалыпқа келтіру жүзеге асырылады.

Қалыпқа келтіру коэффициенті (K_N), ТБИ бойынша құрылымдық салыстырмалы бағалық және отандық және импорттық өндіріс тауарына құрылымдық салыстырмалы бағалықтың қатынасы ретінде есептеледі:

$$K_N = ҚСБ_{cpi} / (ҚСБ_{imp} + ҚСБ_{ppi}),$$

мұндағы:

K_N – қалыпқа келтіру коэффициенті;

$ҚСБ_{(cpi, imp, ppi)}$ – тиісінше, құрылымдық салыстырмалы бағалық.

3) отандық және импорттық өндіріс тауарларына құрылымдық салыстырмалы бағалықты қалыпқа келтіру оларды шыққан коэффициентке көбейту арқылы жүргізіледі:

$$ҚСБ_{Nimp} = ҚСБ_{imp} \times K_N,$$

$$ҚСБ_{Nppi} = ҚСБ_{ppi} \times K_N,$$

мұндағы:

$ҚСБ_N (imp, ppi)$ – тиісінше, қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық

;

$ҚСБ_{(imp, ppi)}$ – тиісінше, құрылымдық салыстырмалы бағалық;

K_N – қалыпқа келтіру коэффициенті.

4) отандық және импорттық өндіріс тауарлары бағасының өзгеруінің қалыпына келтірілген мәні қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық және "шартты" салмақтың қатынасы ретінде анықталады:

$$i_{Nimp} = ҚСБ_{Nimp} / W_{imp},$$

$$i_{Nppi} = ҚСБ_{Nppi} / W_{ppi},$$

мұндағы:

$i_N (imp, ppi)$ – тиісінше, қалыпқа келтірілген салыстырмалы бағалық;

$ҚСБ_N (imp, ppi)$ – тиісінше, қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық;

W_{imp}, W_{ppi} – тиісінше, ТБИ тауар салмағы және ТБИ құрылымындағы импорттық салмағы және отандық тауардың "шартты" ТБИ тауар салмағы.

Алынған шама i_{Nimp} – нақты айқындама үшін ТБИ құрамындағы импорттық өндіріс тауарлары бағасының өзгеруін сипаттайтын ТБИ-имп мәні болып табылады.

"Жарма" айқындамасы бойынша ТБИ-имп есептеудің өтпелі мысалы Әдістеменің қосымшасында көрсетілген.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ТБИ-имп есебі барлық агрегацияның жоғары тұрған сатылары және жалпы қосындыланған қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық құрылымының және сәйкес агрегатқа кіретін салмақ сомма негізінде есептеледі.

Импорттық өндіріс тауарларының үлесі 100 пайыз, ал отандық өндіріс 0 пайызға тең болса және керісінше тауарлар тобының соммасында немесе импорттық немесе отандық өнім есептелетін ТБИ-ден нақты салыстырмалы бағалық қолданылады.

12. ТБИ-имп есебі өткен аймен салыстырғанда есепті айдың баға индексінде жүзеге асырылады.

Айлық индекстерді өткен жылдың желтоқсанына есептеу тізбектеу әдісі арқылы, яғни өткен жылдың желтоқсанына есебінің алдындағы айға баға индексін есепті айдың баға индексіне көбейту арқылы жүргізіледі.

Бағалау үшін қолданылатын баға индексін қалыптастырудың уақыт аралығындағы бар айырмашылықтар арқасында ТБИ-имп есебі өткенді ескеру арқылы жүреді.

13. Қолданылған ақпараттық ағындарды қайта қарау келесі түрде жүргізіледі:

1) ТБИ-имп тізіміне ресурстар теңгерімі айқындамаларын қысқарту, кеңейту жағдайында өзгерістер енгізіледі;

2) ТБИ-имп "шартты салмақтарын" есептеу үшін импорт үлесі жыл сайын өткен жылғы ішкі нарық қорларының мөлшері туралы орташа жылдық деректерді жариялағаннан кейін өзектендіріледі;

3) Сәйкестік кестесі ТБИ-имп айқындамалар тізімін өзгертумен бір мезгілде және (ТБИ, АШБИ, ИМТБИ, КСБИ) тиісті баға индекстерін құру үшін ақпарат ағындарын алмастыру жағдайында қаралады;

4) ТБИ-имп "шартты салмақтары" өзектендірілген импорт үлесі және ағымдағы жылға анықталған ТБИ есептеуге оның салмақтық компоненттері негізінде жыл сайын қайта есептеледі.

Тұтыну бағалар индексі
құрамындағы импортталған
тауарлардың баға индексін
есептеу әдістемесіне
қосымша

Тұтыну бағалар индексінің құрамындағы импортталатын тауарлар бағасы индексін есептеудің өтпелі мысалы

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 23.04.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Есептеу мысалында мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ҚР-тауары – есептеудегі отандық өндірістің тауары бойынша ақпаратты көрсететін айқындама;

2) ИМП-тауары – республикаға импортталатын тауар туралы ақпаратты көрсететін айқындама;

3) Ресурстар теңгерімі – ресурстардың теңгерімі және шикізаттың, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының маңызды түрлерін пайдалану туралы статистикалық ақпарат;

4) ТБИ – тұтыну бағаларының индексі;

5) ӨБИ – өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындар бағаларының индексі;

6) ИМПТБИ – импорттық өнімдер түсімі бағаларының индексі.

ҚР-тауар және ИМП-тауарының үлесін анықтау үшін деректер Ресурстар теңгерімінің "ресурстар", "өндіріс", "импорт" тармақтарында берілген және олардың үлес салмағы "ресурстар" жолында анықталады.

1-мысал

ҚР-тауарының және ИМП-тауарының үлесін есептеу

Ресурстар теңгеріміндегі айқындамалар	Ресурстар	Өндіріс	Импорт
Күрішті қосқанда, жарма, тонна	71200	63215	7985
оның ішінде күріш	52219	46015	6204
Деректер айырмашылығы	18981 (71200-52219)	17200 (63215-46015)	1781 (7985-6204)
"Жармалар" айқындамасындағы үлесі		ҚР-тауар = 0,9062 (17200/18981)	ИМП-тауар = 0,0938 (1781/18981)

Табылған үлесті ескере отырып, оның ТБИ-дегі салмағына сәйкес айқындамалар бойынша ҚР-тауарының және ИМП-тауарының "шартты" салмағы анықталады.

2-мысал

ҚР-тауарының және ИМП-тауарының шартты салмағын есептеу

Атауы	Ресурстардағы үлесі	ТБИ-дегі салмағы
А	1	2
Жармалар		0,00387
ИМП- тауары	0,0938	0,00036=(0,00387*0,0938)
ҚР- тауары	0,9062	0,00351=(0,00387*0,9062)

Есепті айға нақты салыстырмалы бағалық: ТБИ – айқындамалар бойынша толығымен, ӨБИ – ҚР-тауарларының айқындамалары бойынша, ИМПТБИ – ИМП-тауарларының айқындамалары бойынша анықталады.

Олардың салмағы ескеріліп, құрылымдық салыстырмалы бағалық анықталады.

3-мысал

Құрылымдық салыстырмалы бағалықты есептеу

--	--	--	--

Атауы	ТБИ салмағы	Нақты салыстырмалы бағалық	Құрылымдық салыстырмалы бағалық
А	2	3	$4=2*3$
Жармалар	0,00387	1,0454	0,004046
ИМП-тауар	0,00036	0,9666	0,000348
ҚР-тауар	0,00351	1,0135	0,003557

Бағалар индексінің нақты мәні пайдаланылғандықтан ТБИ (3-баған) айқындамасы бойынша салыстырмалы бағалық ТБИ және ИМПТБИ бойынша салыстырмалы бағалықтың орташа мөлшері болып табылмайды. Яғни орташа мән құрамды мән болуы тиіс деген шарт орындалмайды. Мысалға: $0,9666 \leq 1,0454 \geq 1,0135$.

Тиісінше, ҚР мен – ИМП тауарға құрылымдық салыстырмалы бағалық жиынтығы ($0,003905 = 0,003557 + 0,000348$) ТБИ бойынша құрылымдық салыстырмалы бағалыққа тең емес ($=0,004046$).

ҚР-тауар және ИМП-тауарларға құрылымдық салыстырмалы бағалықты қалыпқа келтіру жүзеге асырылады. Қалыпқа келтіру коэффициенті ҚР тауары және ИМП тауарларына ($1,036108 = 0,004046 / 0,003905$) құрылымдық салыстырмалы бағалық сомасына ТБИ бойынша нақты құрылымдық салыстырмалы бағалықтың қатынасымен анықталады.

Алынған қалыпқа келтіру коэффициентін ҚР-тауар және ИМП-тауар құрылымдық салыстырмалы бағалығына көбейту арқылы қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық табылады.

4-мысал

Қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалықтың есебі

Атауы	Құрылымдық салыстырмалы бағалық	Қалыпқа келтірілген коэффициент	Қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық
А	$4=2*3$	5	$6=4*5$
Жармалар	0,004046	1,036108	0,004046
ИМП-тауар	0,000348		0,000361
ҚР-тауар	0,003557		0,003685

ҚР-тауары мен ИМП-тауарларына қалыпқа келтірілген құрылымдық салыстырмалы бағалық және осы айқындаманың салмағы негізінде ҚР-тауары және ИМП-тауарлары бойынша салыстырмалы бағалық қайта есептеледі.

5-мысал

Айқындама бойынша ТБИ-имп ескерілген салыстырмалы бағалықты есептеу

Атауы	ТБИ-дегі салмағы	Нақты салыстырмалы бағалық	Қалыпталған құрылымдық салыстырмалы бағалық	Қалыпталған салыстырмалы бағалық

A	2	3	6=4*5	7=6/2
Жармалар	0,00387	1,0454	0,004046	1,0454
ИМП-тауар	0,00036	0,9666	0,000361	1,0016
ҚР-тауар	0,00351	1,0135	0,003685	1,0500

Нәтижесінде ТБИ мәні ҚР-тауар және ИМП-тауарларына бағаның өзгеруі беталысын ескеретін, орташа өлшенген шама орнығады. Орташа мәні құрастырылған мәннің шегінен табылу керек: $1,0016 \leq 1,0454 \leq 1,0500$ деген жағдай қалпына келеді.

Осылайша "жармалар" айқындамасы бойынша 104,5% тең ТБИ құрамындағы ТБИ-имп 100,2% ($1,0016 * 100\%$) құрады.